



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №8 (1876) 7 НАУРЫЗ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## «Жаңа Қазақстан және жасампаз әйелдер» форумы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Жаңа Қазақстан және жасампаз әйелдер» атты форум өтті. Шараға университет басшылығы, шетелдік қонақтар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер жиналды.



лантты, талапты әйел-аналардың дамуына жан-жақты жағдай жасап келеді. Сондықтан ғылым және жоғары білім саласындағы әйелдердің қоғамдағы рөлін кеңейтіп, ұдайы қолдау көрсетуді

біз де жалғастыра береміз», – деді өз сөзінде университет ректоры.

Сонымен қатар ректор әйелдердің қоғамдағы айрықша рөліне тоқталып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамының 68 пайызын әйелдер құрайтынын атап өтті. «Оның ішінде 347 ғылым докторы, 572 кандидат, 1 ҚР ҰҒА академигі бар. Біз ғалым аруларымызды мақтан тұтамыз. Келесі жылы университеттің 90 жылдығы аталып өтеді. Қазірден бастап айтулы мерейтойды лайықты қарсы алу үшін белсенді дайындық жүріп жатыр», – деді ҚазҰУ басшысы.

Жалғасы 2-бетте



Гордость университета

3-бет



Тіршіліктің тұтқасы – Аналар мерекесі құтты болсын!

4-бет



Ғалымның биік белесі

5-бет

## Мәскеу сапарында маңызды мәселелер қаралды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресей астанасында өткен Еуразиялық университеттер қауымдастығының XV съезіне қатысты.

Жалғасы 2-бетте

## Өмірбек Жолдасбеков рухына тағзым етті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халқымыздың көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті.

Саналы ғұмырын білім мен ғылымды көтеруге арнаған қайраткер тұлғаның туғанына биыл 92 жыл толып отыр. Ескерткіш алдында жиналғандар университеттің дамуына қосқан үлесі үшін Өмірбек Жолдасбековтің рухына тағзым етіп, білім мен қоғамға өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаны еске алды.



Шарада Басқарма мүшесі – қаржылық қызмет жөніндегі проректор Калилла Абдуллаев сөз сөйлеп, ректор Жансейіт Түймебаевтың құттықтау хатын оқып берді. Өз сөзінде проректор Өмірбек Арысланұлының



ҚазҰУ қалашығын салуда атқарған еңбегі өлшеусіз екенін баса айтты.

«Өмірбек Жолдасбеков ғылым мен қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүрген көрнекті тұлға болған. Ол Қазақ ұлттық университеті қалашығының негізін қалап, оны әлемдік деңгейге көтеріп кетті. Ол кісінің ғылыми мектебі қазіргі таңда да жемісті еңбек етіп келеді. Ал өмір жолы, сіңірген еңбектері бүгінгі ұрпаққа қашанда үлгі», – деді проректор.

Өз кезегінде Өмірбек Арысланұлының замандас әріптестері мен шәкірттері сөз алып, өз естеліктерімен бөлісті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



# «Жаңа Қазақстан және жасампаз әйелдер» форумы өтті

# Мәскеу сапарында маңызды мәселелер қаралды



Соңы.  
Басы 1-бетте

Форум барысында сондай-ақ Румынияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мэдэлина Лупу сөз сөйлеп, елшіліктің және өз атынан ҚазҰУ аруларын құттықтады.

Өз сөзінде құрметті мейман форумға қатысып отырғанына алғыс айтып, Румыния елшілігі мәдени-білім беру саласындағы серіктестікті одан әрі арттыруға ниетті екенін атап өтті. Румыния – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы елдердің бірі. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылдың шілдесінен басталған болатын.

«Біз Румыния мен Қазақстан арасындағы екіжақты дипло-

матиялық қатынастардың 30 жылдығын атап өттік. Өткен жылы пандемияға да қарамастан, офлайн форматта байланыстарды қалпына келтіріп, бірқатар маңызды бірлескен іс-шаралар өткізгенімізге қуаныштымыз. Екі елдің арасындағы қатынасты дамыту мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, Астана қаласында өткен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Румын үкіметаралық комиссиясының 16-шы отырысы өткізілді. Оның аясында Румыния Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан арасында конвенцияға қол қойылды. Мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да сіздермен бірге мерекені атап өтіп жат-

қаныма қуаныштымын. ҚазҰУ мен Румыния жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Алдағы уақытта серіктестікті одан әрі дамытуға дайынбыз», – деді елші.

Шара аясында мерекелік концерт ұсынылып, Студенттер сарайының сахнасында танымал эстрада жұлдыздарымен қатар, университеттің талантты студенттері мен оқытушылары өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама соңында барлық қатысушылар көрермендермен бірге «Ана туралы жыр» әнін шырқады.

Мерекелік шара көрермендерге көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлады.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Соңы.  
Басы 1-бетте

Университет басшысының Мәскеудегі жұмыс сапары ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев бастаған делегация құрамында РФ Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Константин Могилевскиймен кездесуден басталды. Бұл басқосуға Қазақстан тарапынан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев және С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Г.Шакуликова, ал Ресей тарапынан МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры В.Шевченко мен И.Губкин атындағы Мұнай және газ ректоры В.Мартинов қатысты. Кездесу барысында МИФИ ҰЯЗУ мен И.Губкин атындағы Мұнай және газ ЕҰУ филиалдарының Қазақстандағы жұмысына қатысты мәселелер қаралды.

Сонымен қатар студенттер алмасу және оқытушылардың тағылымдамалары жөніндегі бағдарламаларды дамытуға, Ресей мен Қазақстан университеттерінің ғылыми зерттеулерге гранттар алуға арналған конкурстарға қатысуына, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысты бірқатар мәселелер талқыланды. Қазақстанда РФ техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу, сондай-ақ Ресейдің шекаралас аймақтарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын ашу бойынша бірлескен жобалар іске асырылмақ.

Сапар аясында Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы төтенше

және өкілетті елшісі Ермек Көшербаевпен кездесіп, пікір алмасты.

Жұмыс сапарының екінші күні ректор Ж.Түймебаев Еуразиялық университеттер қауымдастығының (ЕУҚ) XV съезінде баяндама жасап, ҚазҰУ қызметімен, бүгінгі күнгі жетістіктерімен таныстырып, оқу орнының ғылыми әлеуетіне тоқталды. ҚазҰУ-дың ЕУҚ-ға мүше үш елдің ЖОО бірлескен 33 қосдипломды бағдарламаны іске асыратынын, университеттің 14 факультеті ЕУҚ-мен серіктес 9 ЖОО-мен әріптестік орнатқанын атап өтті. Съезд барысында «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (ҚР) пен М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректорлары ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Іссапар барысында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ректоры Анатолий Торкуновпен кездесіп, ғылыми кадрларды даярлау, бірлескен қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бірлескен ғылыми конференциялар өткізу туралы мәселелер қаралды. Тараптар алдағы мамыр айында Қазақстанда БҰҰ кеңсесі ашылуының 30 жылдығына арналған халықаралық конференция өткізу туралы келісті. Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев Мәскеу сапары аясында Ресей халықтар достығы университетінің ректоры Олег Ястребовпен кездесіп, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық келешегін талқылады.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткин және ҚР Энергетика министрлігі Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев бастаған делегациямен кездесті.

## Бірлесіп білікті мамандар даярлауға уағдаласты

## Мемлекет әйел-аналардың дамуына жағдай жасап келеді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында ғылым және жоғары білім саласындағы әйелдердің республикалық конференциясы өтті.



Шараға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР ҰҒА-ның вице-президенті Зарема Шәукенова, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Ізбасарқызы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Гүлмира Қанай және оқу ордасының әйел ғалымдары қатысты.

Конференция жұмысын ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. «Университеттер елдік және жаһандық мәселелерді шешуге үлес қосуы тиіс. Бұл жолда, әсіресе, әйел ғалымдардың сіңіріп жүрген еңбек-

тері зор. Мемлекет талантты, талапты әйел-аналардың дамуына жан-жақты жағдай жасап келеді. Сондықтан ғылым және жоғары білім саласындағы әйелдердің қоғамдағы рөлін кеңейтіп, ұдайы қолдау көрсетуді біз де жалғастыра береміз», – деп атап өтті ректор Жансейіт Түймебаев.

Шара барысында Зарема Шәукенова мен Гүлзат Ізбасарқызы және Гүлмира Қанай сөз сөйлеп, ғылымдағы әйелдердің қоғамға тигізер пайдасы туралы баяндама жасады.

«Гендерлік теңдік – қоғам дамуының негізі. Гендерлік

теңдікті ілгерілетудің негізгі мазмұны – әйелдердің ер адамдармен қатар, қоғамдық өмірде, мемлекеттік басқаруда, елге қызметте ерекше үлес қоса алатынын мойындау, оларға үлкен жауапкершілік арту», – деді Гүлмира Қанай.

Сонымен қатар конференция аясында қатысушылар әйелдер қауымының қоғамдағы рөлі тақырыбында пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды қарсы алып, ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы айтты.

«ҚазҰУ ғалымдары бүгінде 100 инновациялық жоба әзірледі. Алдағы жоспар – ғалымдарымыз дайындаған ғылыми жобаларды коммерцияландыру. Қалашықта ҚазҰУ Технопарк мен Жерді қашықтықтан зондтау орталығы орналасқан. Сонымен қатар білім ордасында жоғары технологиялық компаниялардың сертифициаттау орталықтары, институттары мен академиялары табысты жұмыс істейді», – деді ректор.

Сонымен қатар сөз соңында ҚазҰУ басшысы өз ұсынысын ортаға салды.

«Алдағы уақытта бірлесіп физика және химия саласында білікті мамандарды даярлау қажет», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткин сөз сөйлеп, жылы қабылдағаны үшін білім ордасының басшысына ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ





Среди известных ученых нашего университета есть доктор филологических наук профессор Элеонора Дюсеновна Сулейменова. Пятьдесят три года ее научная, педагогическая и общественная деятельность связана с Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби.

Вклад Э. Д. Сулейменовой в исследование актуальных проблем фундаментальной и прикладной лингвистики отмечен орденом «Құрмет», правительственными грамотами и медалями, государственными научными стипендиями, медалями и нагрудными знаками министерств, зарубежных и казахстанских организаций и университетов. Среди них особое почетное место занимают награды Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

В канун весеннего Женского праздника мы хотели бы рассказать о жизненном пути и творчестве этого замечательного человека.

Э.Д.Сулейменова родилась в 1945 году в Алматы в семье выдающегося педагога, Героя Социалистического Труда Рафики

монографий по актуальным проблемам общего языкознания, социолингвистики и контрастной лингвистики, а также множества



Испания); «Вестник МГУ. Серия 9. Филология», «Филологические науки. Доклады высшей школы», «Полилингвистичность и транскультурные практики», «Русский язык за рубежом» (Москва, Российская Федерация) и других.

Укрепляя партнерские связи с зарубежными образовательными организациями и учеными, Э.Д.Сулейменова стремится изучить и внедрить в университете положительный опыт профессиональной подготовки филологов.

Профессор Э.Д.Сулейменова – автор работ, опубликованных в зарубежных и отечественных изданиях на казахском, русском, японском, турецком, китайском и английском языках, в их числе 7 монографий, 13 коллективных монографий (одна из них «The Handbook of Business Discourse» входит в базу Scopus), 8 словарей и справочников. Создание учебников казахского и русского языков – важная и ответственная сфера деятельности Элеоноры Сулейменовой, в которой успешно реализуется ее творческий потенциал. Профессором издана и апробирована серия учебников по обучению казахскому (7 учебных комплексов и 11 мультимедийных модулей) и русскому языкам (5 учебно-методических комплексов, рекомендованных МОН РК), а также восьми учебных пособий для университетов.

Элеонора Дюсеновна человек исключительной работоспособности, которая не устает учиться и удивляться новому, всегда шагает в ногу со временем и совершенствует навыки и знания в области своих научных и педагогических интересов. Она виртуозна и органично сочетает классическую науку с современными тенденциями в науке и образовании.

О научной, педагогической и общественной деятельности и новаторских идеях профессора Сулейменовой написаны книги, статьи, очерки, стихи, ей посвящаются конференции и форумы. В одной из статей о профессоре есть такие строки:

«Элеонора Сулейменова – смелый, пылкий, инициативный исследователь, удивительный в общении, темпераментный, настойчивый, мягкий собеседник, неутомимый генератор идей. Человек незаурядного мужества, необыкновенно богатой души и притягательнейшего эстетического вкуса, яркий и требовательный, но в то же время заботливый, увлекающий и деликатный педагог, она создает научные труды, полные энергии и величия, блистательного и оригинального решения проблем, и является автором светлых и мудрых книг, поражающих безбрежностью философской мысли и филологической эрудиции».

Элеонора Дюсеновна вместе с супругом Халелем Габбасовичем – доктором технических наук профессором Казахского национального технического университета им. К.И.Сатпаева вырастили дочь и сына, в их дружной семье подрастают внуки Мадина, Данэль, Жанна, Лейла и София.

В преддверии весеннего праздника Элеонору Дюсеновну и всех ее коллег поздравляем с Женским днем 8-Марта!

Кайржан ТУРЕЖАНОВ

# Гордость университета

Бекеновны Нуртазиной и участника ВОВ Дюсена Алибаевича Сулейменова.

Выпускница Казахского педагогического института имени Абая в 1966 году поступила в аспирантуру кафедры общего языкознания знаменитого Московского государственного педагогического института иностранных языков имени Мориса Тореза (сейчас это Московский государственный лингвистический университет) и уже в 1969 году защитила кандидатскую диссертацию «Проблема определения языка как объекта лингвистики» по специальности «Общее языкознание». В 1992 году в МГУ им. М.В.Ломоносова Э.Д.Сулейменова по той же навсегда избранной специальности «Общее языкознание» защитила докторскую диссертацию «Семантические параметры слова в интерлингвальном исследовании: теоретические и прикладные аспекты контрастного анализа».

Трудовая деятельность 24-летнего кандидата наук началась в 1970 году с должности старшего преподавателя кафедры «Общего языкознания» КазГУ им. С.М.Кирова. Здесь же ею пройдены все этапы академической карьеры – доцента, профессора, заведующего кафедрой, декана филологического факультета. В настоящее время Э.Д.Сулейменова – профессор кафедры «Иностранной филологии и переводческого дела».

Оставаясь штатным сотрудником КазНУ имени Аль-Фараби, Э.Д.Сулейменова работала в зарубежных университетах – старшим научным сотрудником кафедры общего языкознания МГУ им. М.В.Ломоносова (1984-1986; Москва, РФ), профессором Департамента славистики University of Maryland (1993-1994; College Park, США), профессором кафедры русского языка и межкультурной коммуникации Российского университета дружбы народов (2018-2019; Москва, РФ)

Элеонора Дюсеновна Сулейменова – известный и авторитетный лингвист-теоретик, автор

созданных по ее инициативе и хорошо зарекомендовавших себя фундаментальных словарей, справочников, учебников казахского и русского языков. Ее научные труды широко известны не только в нашей стране, но и за рубежом. Глубокие лингвистические знания, высокая компетентность, инициативность, наличие серьезной теоретической базы и сильного внутреннего импульса развития, стойкость убеждений и неудовлетворенность достигнутым сплотила вокруг нее научную школу.

Реализация многих научно-исследовательских проектов и связанных с ними множества задач стала возможной при четкой организации и тесной консолидации научной деятельности ее учеников и коллег. Для научной школы Э.Д.Сулейменовой как сообщества ученых, объединяемых особыми исследовательскими и человеческими качествами, характерны общие теоретические и моральные принципы, а для ее руководителя также – забота о научной смене.

Поражает не только диапазон научно-педагогической деятельности профессора, но и масштаб вовлеченных в школу молодых ученых, сформировавших авторитетную Сулейменовскую научную школу. Ею подготовлено 19 докторов филологических наук, 40 кандидатов филологических наук, а также 9 докторов Ph.D. (в их числе гражданин США – W.P. Rivers «Factors Influencing Attitudes and aviors towards Language Use among Kazakhstan University-Level Students», 2003), защитивших диссертации в Москве, Вашингтоне, Алматы, Астане. Ее ученики и последователи работают во многих университетах страны и за рубежом.

Профессор Э.Д.Сулейменова – руководитель и активный разработчик успешно выполненных тринадцати международных научно-исследовательских проектов и грантов (INTAS, ACCELS, университет Анкары, Санкт-Петербургский университет, Московский государственный университет им. М.В.Ломоносова и

мн. др.), а также семнадцать республиканских фундаментальных и прикладных научно-исследовательских проектов. В выполнении проектов принимали участие ученики и сотрудники возглавляемой ею лаборатории «Социолингвистика, теория и практика перевода»: несколько поколений студентов, магистрантов и докторантов факультета получили здесь современную лингвистическую подготовку и устойчивые навыки научно-исследовательской работы.

Профессором осуществлено панорамное социолингвистическое описание языковой ситуации и языкового планирования в Казахстане; в соответствии с лингвистическими, социально-политическими, демографическими, функциональными и национально-культурными параметрами теоретически обоснована vitalность казахского и других языков страны; совместно с А.К.Жубановым разработаны и внедрены концептуально-теоретические и прикладные основы «Национального корпуса казахского языка»; заложены основы контрастной лингвистики на материале казахского и русского языков; лексикографирован терминологический аппарат языкознания и социолингвистики; созданы словари казахского делового дискурса и мн.-мн. др.

Э.Д.Сулейменова проводит большую просветительскую работу в качестве основного лектора в Школах социолингвистики, осенних и весенних Школах лингвистики, семинарах в университетах Казахстана, в казахстанско-российских сертификационных Программах дополнительного профессионального образования (КазНУ – РУДН), организациях образования и университетах за рубежом (США, Россия, Кыргызстан).

Э.Д.Сулейменова, активно участвует во многих международных программах КазНУ им. Аль-Фараби. Поддерживая престиж казахстанской лингвистики, развивает творческие связи с учеными США, Нидерландов, Германии, Финляндии,

Украины, Израиля, России, КНР, Швейцарии, Белоруссии, Румынии, Испании, Болгарии, Узбекистана, Азербайджана, Польши и других стран.

Э.Д.Сулейменова входит в состав авторитетных международных организаций – МКС (член Международного комитета славистов), МАПРЯЛ (член Президиума Международной ассоциации преподавателей русского языка и литературы), INTAS (эксперт, член Ученого совета International Association for the promotion of co-operation with scientists from the New Independent States of the former Soviet Union, Брюссель), Базовой организации по языкам и культуре государств-участников СНГ (член, разработчик модельных законов) и мн. др., принимая участие в мероприятиях зарубежных организаций и университетов, направленных на перспективную и долгосрочную коллаборацию.

География международного сотрудничества Э.Д.Сулейменовой подкрепляется также совместным с учеными США, Нидерландов, Германии и Испании научным руководством диссертациями Ph.D., коллективными с учеными ACCELS (США) исследованиями и исполнением международных грантов на издание учебников казахского языка (в том числе мультимедийных онлайн модулей [www.cenasianet.ogr](http://www.cenasianet.ogr)), проведением международных конгрессов и конференций, открытием в 2003 году и постоянной научно-методической поддержкой «Центра казахского языка и культуры» в Московском государственном лингвистическом университете, исполнении проектов по созданию тестовых заданий по казахскому языку (стандарты The Interagency Language Roundtable, Вашингтон), с 2014 года академическим руководством программы «Language Flagship» (США) в КазНУ. Кроме того, Э.Д.Сулейменова – член международных редакционных советов авторитетных журналов «Russian Language Journal» (Вашингтон, США); «Cuadernos de rusística española» (Гранада,





# Тіршіліктің тұтқасы – Аналар мерекесі құтты болсын!

**«Бір қолымен әлемді тербеткен» нәзікжандылар бүгінде түрлі салада еліміздің дамуына соны үлес қосып келеді. Олардың өз еңбегімен, білімімен, университетке де тигізген пайдасы ересен. Университетіміздегі оқытушы-профессорлар мен студенттерді, білім ордасының басқа да салаларында еңбек етіп келе жатқан қыз-келіншектерімізді оқырмандармен таныстыруды жөн санадық.**

## ҒЫЛЫМДА ӨЗ БИІГІН БАҒЫНДЫРҒАН ҰСТАЗ



Нағима Байтенова 1970-75 жылдары С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ҚазМУ-дың философия-экономика факультетінде білім алды. 1975-79 жылдары Қазақ политехникалық институтының Рудный қаласындағы филиалында оқытушылық қызмет атқарды. 1980 жылдан бастап осы уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде жұмыс істейді. Нағима Жаулыбайқызы өз қызметін осы университетте қарапайым оқытушыдан бастап, аға оқытушы, доцент, профессор, философия және ғылым методологиясы, Дінтану кафедрасының меңгерушісіне дейін көтерілді. 1991 жылы кандидаттық диссертация, ал 1998 жылы докторлық диссертациясын әлеуметтік философия саласы бойынша қорғады. 2000 жылы профессор ғылыми атағын иеленді.

Профессор Н.Байтенова жоғары оқу жүйесінде 1975 жылдан бері қызмет істейді және осы салада 48 жылдан астам ғылыми-педагогикалық өтілі болса, оның ішінде 43 жыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет етіп келеді. Осы жылдар барысында Қазақстан Республикасы үшін жоғары білікті, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауда өзіндік үлес қосқан, алыс-жақын шетелдерге танымал, республикалық деңгейде беделі зор ұстаз.

Профессор Н.Байтенованың жетекшілігімен бес докторлық диссертация және 15 кандидаттық диссертация, 1 PhD докторы қорғалды. Ғылыми еңбектердің жалпы саны 400-ге жуық, оның ішінде бес монография, жеті оқу

## ЕЛУ ЖЫЛҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕК

Гүлнар Ермұратқызы – мамандығы бойынша арабтанушы-филолог. 2006 жылы филология ғылымының докторы болып, 2009 жылы профессор ғылыми дәрежесін алды. 1990 жылы Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтында (Мәскеу қ.) «Қазіргі араб тіліндегі жазушы Абдельхамид Бенададжидің шығармашылығы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Докторлық диссертациясының тақырыбы «XX ғасырдағы Тунис араб тіліндегі роман (көркем сана қалыптастыру және эволюция мәселесі)» болды. 170-ке жуық ғылыми мақаланың авторы, екі монография, бір сөздік, 10 оқулық және оқу-әдістемелік құралдар жасап шығарды. Ұлыбританиядағы үш айлық ғылыми тағылымдамаға арналған Имам Термизи атындағы Оксфорд университетіндегі Ислам зерттеу ор-

талығы грантының иегері. «Қазақстандағы лингвистикалық жағдай» зерттеуін жүзеге асырғаны үшін «Сорос» қоры грантының иегері.

2003 жылы Мысырдың Каир университетінің Араб тілі орталығында ай сайынғы тілдік тағылымдамадан өтті. 2004-07 жж. қазіргі Қазақстанның араб-ислам ұйымдары: жергілікті қоғамның исламдық жаңаруына сыртқы әсер ету, Гумбольдт (Берлин) университетімен бірге «Фольксваген» қорының (Германия) гранты бойынша жүзеге асырылатын жобаға қатысты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2007 жылдың үздік оқытушысы» грантына ие болды. 2009 жылы университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Әл-Фараби» алтын медалі мен мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды. Үш ғылым кандидаты мен



2 PhD докторларын дайындады. 1985 жылдан қазіргі уақытқа дейін оқытушы, доцент, Арабтану кафедрасының меңгерушісі, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды. Мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 45 жыл, жалпы еңбек өтілі – 50 жыл.



## ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ



Гүлшат Исламханқызы 2003 жылдан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еңбек етіп келеді. Алғашында №5 студенттер үйінде меңгеруші болып жұмысын бас-

тады. 2016 жылдан бастап №1 студенттер үйінде меңгеруші болып қызмет атқарады. 2022 жылғы университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

– Студенттер үйінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, белсенді қызмет атқардым. Тәртіп, тәрбие, тазалық, мәдениет жағынан №5 студенттер үйі «Ең үздік жатақхана» деген атқа ие болды. Соның құрметіне университет басшылығынан бірнеше диплом мен алғыс хат алып, мерейіміз үстем болды. Қара шаңырағымыз – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көркей берсін! – деді Гүлшат Исламханқызы.

Ол Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75, 80 жылдығына орай, медаль алғанын еске алып, еңбегін бағалағаны үшін ҚазҰУ жұмысына алғысын білдірді.



## ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ЖАУАПТЫ

Мәрия Ниетбаева 2003 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және философия факультетінің №9 жатақханасында меңгеруші қызметіне қабылданды. 2008 жылы №18 жатақхана меңгерушісі болып тағайындалды. Ұйымдастыру мен үлгілі ізденістерінің нәтижесінде республикадағы жоғары оқу орындары арасындағы жарыстарда үздік жетістіктері үшін «Халық қалаулысы» төсбелгісімен марапатталған.

– Сол тұстардағы деканымыз Фарифолла Есімұлының бастама-сымен факультет және жатақханалар арасындағы түрлі деңгейдегі жарыстарда алдыңғы қатарлы жүлделі орындарға ие болдық. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің өркендеп, өсуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Өйткені университет қабырғасында студенттерге қажетті барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар қарастырылған. Жұмысым өзіме ұнайды. Жастармен жұмыс істеу қызықты әрі жауапты, – дейді Мәрия Ниетбаева.



Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ШЫҢДАУ ЖОЛЫНДА

Динара Боранбай – журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 3-курс студенті. Сүйікті ісі – кітап оқу. Поэзияны жақсы көреді. Өлең, шағын әңгіме, мақала жазады. Динара басылым беттеріне мақала жариялауды әдет етіп, шығармашылығын шыңдау жолында жүрген жас қаламгер.

Бүгінде жас та болса біршама жетістіктерге жеткен талап-

ты да талантты шәкірт «Алтын белгі» иегері. Динара Bilimorknietі ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасы жастарының алтын кітабы» атты жобаның І дәрежелі диплом иегері; «Алтын төсбелгі – 2020» иегері; «Ел рухы: Тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық медиа кеңістігі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағына

«Біз тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты материалы енген. Әбілфайыз Ыдырысов атындағы байқаудың «Үздік баспасөз материалы» аталымы бойынша 2-орын иегері; «Баспа ісі» мамандығы бойынша студенттер арасындағы V республикалық пәндік олимпиада жеңімпазы; Қожакеев оқулары аясында өткен байқаудың «Ең үздік публицистика» аталымы бойынша 3-орын иегері.





Биология және биотехнология факультетінің Биофизика, биомедицина және нейробиология кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы Майра Мырзахметованы 75 жылдық мерейтойымен құттықтайды.

## Ғалымның биік белесі



Майра Қабдраушқызы 1972 жылы ҚазҰУ-дың биология факультетін үздік бітірді. Мембрана физиологиясы және биохимия саласының жетекші маманы. Ол 1978-81 жылдар аралығында М.В.Ломоносов атындағы ММУ биология факультетінің Биомембраналар физико-химиясы лабораториясында білімін жетілдірді. 1983 жылы сол университеттің мамандандырылған кеңесінде биохимия мамандығы бойынша биология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дис-

табиғи биологиялық белсенді қосылыстарды сараптау бағытында зерттеу жұмыстары жасалып отыр. Скринингті зерттеулердің нәтижесінде гепатопротекторлы қасиеті бар өсімдік композициясы жасалды және бұл бағыттағы ізденістер жалғасуда.

Көрнекті ғалым Қырғызстан Республикасы Тау-кен физиология институты Денсаулық сақтау министрлігінің И.Ахунбаев атындағы ҚҰМА Д.03.16.533 диссертациялық кеңесінің мүшесі. Үздік ғалымның же-



сертациялық жұмысын қорғады. 2001 жылы «Экстремалды әсерлер кезіндегі биологиялық мембраналарының құрылымдық-функционалдық өзгерістерінің механизмдері мен олардың төзімділігін арттыру» деген тақырыпта биология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін биохимия, адам және жануарлар физиологиясы мамандықтары бойынша диссертациялық жұмысын қорғап шықты.

Майра Қабдраушқызы өзін күрделі заманауи биохимиялық және физиологиялық зерттеу әдістерін бірдей жақсы меңгерген ғалым ретінде көрсетті. Оның ұйымдастыруымен жүзеге асқан ғылыми-зерттеу жұмыстары ерекше, организмге стресс факторлардың әсері кезінде клетка мембраналарының құрылымдық-функционалдық өзгерістерінің механизмдерін анықтауға арналған. Сонымен Майра Мырзахметованың басшылығымен жергілікті өсімдіктегі шикізаттан бөлініп алынған

текшілігімен алты кандидаттық, төрт докторлық диссертация және «Биология» мамандығы бойынша бір философия докторы (PhD) жұмыстары қорғалды. Оның 267 ғылыми еңбегі бар, соның ішінде бір монография, екі оқулық нұсқаулығы жарыққа шыққан және автордың шетелдік басылымдарда мақалалары жарияланған.

Майра Қабдраушқызы көптеген республикалық және халықаралық конференцияларға қатысып, баяндама жасады. 2014 жылы «ҚазҰУ-ға – 80 жыл» медалімен марапатталды.

Майра Мырзахметованы мерейтойымен шын жүректен құттықтап, жаңа кәсіби белестер мен шығармашылық табыс тілейміз.

**Ботагөз ҮСІПБЕК, Назгүл ЖАПАРҚҰЛОВА,**  
Биофизика, биомедицина және нейробиология кафедрасының оқытушылары

# Академик тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды

Алматыда көрнекті ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымының докторы, профессор Әбдуәли Қайдардың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылуы өтті.

Ескерткіш белгі ғалым елу жылдай тұрған Шоқан Уәлиханов көшесіндегі №128 үйдің қабырғасына орнатылды.

Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, Әбдуәли Туғанбайұлының туыстары мен шәкірттері қатысты. Шараны Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев құттықтау сөзбен ашты.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Әбдуәли Туғанбайұлының еңбек жолына тоқталды. «Мемлекет және ғылым қайраткері Әбдуәли Туғанбайұлы біздің университетіміздің түлегі. Ол тіл білімі мен әдебиеттану саласында еңбек етіп жүрген көптеген ғалымдардың тәлімгері, біздің қадірлі ұстазымыз. ҚазҰУ-да дәріс оқып, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының



дамуына елеулі үлес қосты. Тіл білімі саласында білімді шәкірттер тәрбиелеп, көптеген ғылым кандидаттары

мен докторларына жетекшілік жасады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қабылданған «Тіл туралы» заңының жаңа жобасын жасауға қатысты. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының негізін қалаушылардың бірі болды. Ғалымның ғибратты ғұмыры шәкірттерінің жолымен жалғаса береді деп сенемін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сондай-ақ ашылу салтанатында ғалымның туыстары мен шәкірттері сөз алып, өз естеліктерімен бөлісті.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

## Маман даярлау жолындағы ізденіс

Кез келген студент ЖОО-ға алғаш келген кезде оқу жүйесі туралы бағыт-бағдарды куратор-эдвайзерінен алады. 2008 жылы ҚазҰУ студенті атанып, химия факультетіне оқуға түскен тұста біздің тобымызға куратор-эдвайзер болып Жәния Ешова тағайындалды.

Өз ісіне өте жауапкершілікпен қарайтын Жәния апайымыз бізге апта сайын куратор сағатын жүргізіп, оқу үрдісіне қойылатын барлық талаптармен, университет ережелерімен таныстыратын. Сондай-ақ түрлі қоғамдық және әлеуметтік іс-шаралар ұйымдастыратыны есімде. Университет қабырғасында оқу мәселесімен ғана шектелмей, жан-жақтан келіп, үлкен қалада талай қиындыққа тап болған сәттерде төрт жыл бойы екінші анамыздай қамқорлық танытқан Жәния Тұрлыханқызы бүгінгі таңда 60 жасқа толып отыр.

Жәния Ешова С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін химик-оқытушы мамандығы бойынша 1988 жылы бітіріп шыққалы бері еліміздің білікті кадрларын даярлау жолында тер төгіп келеді.

Университетті аяқтағаннан кейін 1988-94 жж. орта мектеп мұғалімі, Семей облыстық санитарлық-эпидемиология стансаның дәрігер-лаборанты, Семей қаласындағы автомобильді-механикалық техникумның оқытушысы болған. 1994-96 жж. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік



университетінің Химия кафедрасында оқытушы қызметтерін атқарған.

1997 жылы өзінің альма-матері жанындағы Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институтында аға инженер болып қызмет істеді. 1999 жылы Катализ, коллоидтық химия және мұнай химиясы кафедрасында катализ мамандығы бойынша ізденуші болып тіркеліп, 2002 жылы «Катализ» мамандығы бойынша «Қияқты кен орны көмірленіп мотор отындары мен гумин қышқылдарын алу әдістерін жасау» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 2003 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясы химиялық-технологиялық бөлімінде аға ғылыми қызметкер, 2003/04 оқу жылында С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Химия кафедрасында оқытушы болды.

2004 жылдан бері ҚазҰУ-дың Катализ, коллоидтық химия және мұнай

химиясы, қазіргі Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасында аға оқытушы, доцент. 2009 жылы доцент (қауымдастырылған профессор) ғылыми атағы берілді.

Жәния Тұрлыханқызы факультеттегі барлық технологиялық мамандықтарға «Химиялық технологияның негізгі процестері мен аппараттары» курсы жүргізеді. Бұл жоғары математика, физика және химияны ұштастыра оқылатын күрделі курстардың бірі. Осы курсты толық жүргізу мақсатында Жәния Тұрлыханқызы бірнеше оқу құралдары мен зертханалық жұмыстардың әдістемелік нұсқауларын құрастырған.

Ж.Ешованың ғылыми-зерттеу тақырыбы – көмірсутекті шикізатты, оның ішінде қоңыр көмірлерді катализдік гидрлеу, қоңыр көмірлерден гуминді қосылыстарды бөліп алу жолдары, қоңыр көмірлерді экстракция үдерісімен өңдеу салалары. Жәния Тұрлыханқызының бірлескен авторлықта 110-нан астам ғылыми мақалалары мен баяндама-тезистері жарияланған, соның ішінде бес алдын ала патент пен сегіз авторлық куәлік алынып, бір монография, жеті оқу құралы, бес әдістемелік нұсқау, бір сөздік жарыққа шыққан.

Шәкірттерінің жақсы оқып, мықты маман болып қалыптасуына Жәния Тұрлыханқызының берген білімі мен тәрбиесінің әсері мол.

**Нұрболат ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**  
химия және химиялық технология факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары





# Управленческая компетентность и востребованность

**В новых условиях качество образования выходит на лидирующие позиции в списке конкурентных преимуществ страны. В своем послании народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» Глава государства К.Токаев отмечает, что «сила нации заключена в глубоких знаниях. Крайне важно, чтобы в нашем обществе высоко ценились профессионализм и трудолюбие... Важно совершенствовать состояние системы образования, которая играет решающую роль в повышении потенциала нации».**

В продвижении КазНУ им. Аль-Фараби в мировых рейтингах свой вклад вносит каждый член многотысячного коллектива. Успешное развитие экономики, предпринимательства и бизнеса, прежде всего, определяется компетентностью управленческих кадров. Подготовкой специалистов управленческого профиля занимается Высшая школа экономики и бизнеса университета – крупнейшее подразделение университета. В этом году коллектив кафедры Менеджмент готовится к 38-выпуску специа-

листов, готовых трудиться в самых различных сферах экономики нашей страны.

Отвечая на социально-экономические потребности казахстанской экономики в условиях высокой неопределенности, низкого горизонта планирования, усиливающейся конкуренции специалистов на рынке труда наша кафедра Менеджмент использует компетентностный подход в профессиональной подготовке управленцев. Этот подход заключается во внедрении и развитии у студентов комплекса

ключевых компетенций, которые будут определять его успешную адаптацию на рынке труда за счет профессиональной мобильности, инициативности специалиста, способного к принятию оптимальных решений. Говоря об управленческой компетентности будущих кадров, не можем не сказать об отдельной области менеджмента в современных условиях – антикризисном управлении. В условиях высоких рисков, неопределенности, неизбежности появления кризисных ситуаций, менеджерам крайне важно овладеть компетенциями кризис-менеджмента, способствующих стратегическому развитию национальной экономики.

В настоящий момент очень важно преодолеть общественное мнение о том, что навыки антикризисного управления необходимы для временных реформ и стабилизации экономики. В условиях глобализации мировой экономики, динамизма внешней среды периодически возникают

различные кризисные ситуации, которые требуют на постоянной основе разработки и реализации антикризисных стратегий на макро- и микроуровнях национальной экономики. Кризисная ситуация может возникнуть по самой сути без намерения вызвать кризис или на почве конфликта.

Сегодня организации будут все больше конкурировать за наиболее способных сотрудников, способных использовать не только обычный, но и кризис-менеджмент. Если обобщить требования к кризис-менеджеру, то можно отметить следующий профиль его характеристик, которыми он должен обладать: иметь профессиональные знания в области управления, интуицию, креативность и новаторство, четкую коммуникацию и командный подход в процессе принятия решений; знать методы преодоления развития рисков; уметь предвидеть и быть на шаг впереди реальной ситуации, уметь

справляться со стрессом, расставлять приоритеты и иметь способность действовать.

Высоко профессиональный коллектив кафедры Менеджмент является разработчиком и координатором образовательных программ в области «Менеджмента и бизнеса», предусматривающих подготовку специалистов востребованных и конкурентоспособных на рынке труда. Его научно-педагогическая деятельность направлена на выработку комплекса необходимых знаний, ценностей и умений, эффективное и правильное использование ограниченных ресурсов и другие способности, которые необходимы современному специалисту для быстро меняющихся условий жизни и общества. Именно такая подготовка обуславливает управленческую компетентность будущих кадров, способствующая успешной реализации стратегических планов, определяемых нашей государственной политикой.

**Дуйсекуль КУНАНБАЕВА,**  
доктор экономических наук, доцент

**Алмажан ДЖУЛАЕВА,**  
кандидат экономических наук, доцент ВШЭБ, кафедра Менеджмента

## Инновации в сфере высшего образования

**В своем послании народу Казахстана Президент К.Токаев отметил, что необходимо продолжать реформы и в сфере высшего образования. По мере повышения качества отечественных ВУЗов будет возрастать и стоимость обучения в них. С этой целью в прошлом месяце кафедрой Физической химии, катализа и нефтехимии факультета химии и химической технологии КазНУ проведена международная зимняя школа «Инновации в образовании».**

ский ГПУ. Вопросы о кредитной системе обучения, в частности, об ее положительных и отрицательных сторонах, корректировках методик проведения аудиторной работы, об организации самостоятельной работы являются актуальными и сегодня, о чем свидетельствует бурное его обсуждение участниками. КазНУ им. Аль-Фараби находится в числе первых ВУЗов Казахстана, реализовавших трехуровневую систему в высшем образовании. Большое значение имеет принятие и введение в университете системы зачетных единиц European Credit Transfer System (ECTS), обеспечивающей как перезачетную, так и накопительную функции, и гарантирующей академическое признание обучения за рубежом (в 1999 г. ECTS была введена уже в 1062 европейских вузах).

Внедрение концепции Кайдзен в образовательный процесс может стать эффективным рычагом модернизации деятельности ВУЗов при подготовке специалистов. Она подразумевает высокий уровень самоорганизации, управление, опирающееся на корпоративную культуру, что придает огромную значимость принципам, которые предприятие устанавливает, удерживает и формирует. К какому результату может привести реализация этой концепции, наглядно было продемонстрировано игрой, проведенной со слушателями в онлайн и офлайн формате.

По завершению работы зимней школы участникам были выданы соответствующие сертификаты.

**Рауия ИСКАКОВА,**  
**Сауле НАРЕНОВА,**  
и.о. доцента кафедры Физической химии, катализа и нефтехимии

## Присяге воинской верны!



Открывая патриотическую акцию, начальник Военной кафедры полковник запаса Олег Ажимов отметил, что все воины-участники той войны проявили лучшие качества солдата, офицера, воина-интернационалиста и достойно выполнили свой воинский долг и были верны воинской присяге!

В ходе патриотической акции, на протяжении всей недели, со студентами, обучающимися на Военной кафедре, проведены Уроки мужества с участием преподавателей воинов-интернационалистов – полковника запаса Кожаметова Хасена Койшыга-раевича и подполковника в отставке Шашацкого Александра Николаевича.

Заслуженные ветераны, выступая перед студентами, вспоминали своих боевых товарищей, говорили о том,

что им пришлось испытать на той войне. Они достойно перенесли все тяготы, проявляя воинскую доблесть, мужество и героизм, этому способствовало настоящее войсковое товарищество, проявленное нашими солдатами и офицерами в ходе выполнения интернационального долга.

В Центре военно-патриотической работы Военной кафедры студенты ознакомились с тематической экспозицией о воинах афганцах и просмотрели документальные фильмы об афганской войне. В этот день студенты Военной кафедры вместе с преподавателями приняли участие в церемонии возложения цветов и встречи воинов интернационалистов в парке имени 28-героев панфиловцев в городе Алматы.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**



Современная вузовская подготовка в КазНУ ориентирована на внедрение и практическую реализацию мер, обозначенных Болонской декларацией, с целью интеграции с мировыми образовательными системами. Инструментом по вхождению в единое образовательное пространство является переход к кредитной системе взаимозачета учебных достижений с целью соответствия международным стандартам и критериям качества, признания дипломов и сертификатов выпускаемых вузом специалистов. Международная школа ставит своей задачей ознакомление слушателей с опытом внедрения кредитной системы в образовательный процесс, задачами и перспективами, а также способами активизации познавательной деятельности обучающихся путем совершенствования методики чтения базового лекционного курса по дисциплине «Физическая химия»

и привлечения современных методологий в университетское образование с применением инструментов концепции Кайдзен.

В работе зимней школы приняли участие слушатели из высших учебных заведений Казахстана, Узбекистана и Кыргызстана. Всего участвовало 118 человек, среди которых 11 преподавателей из Ташкентского фармацевтического института, 4 из Навоийского горно-металлургического университета, 15 представителей КирГУ им.И.Арабаева. Также участвовали преподаватели высших учебных заведений Казахстана: Евразийский НУ им. Л.Гумилева, Южно-Казахстанский университет им.М.О.Ауэзова, Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, Алматинский ТУ, Карагандинский ГТУ им. А.Сагынова, Павлодарский ГУ им. С.Торайгырова, Кызылординский университет им. Коркыт ата, Южно-Казахстан-





# Табиғи апаттың алдын алуда ғылымның үлесі зор

Соңғы 10 жылда Қазақстан аумағында болған кейбір дүлей апаттардың хронологиясы.

	облыс	мерзімі	салдары
<b>2009 жыл</b>			
Су тасқыны	ШҚО	сәуір	675-ке жуық шаруашылық құрылыстары бұзылып, 22 тұрғын үй су астында қалды, 40 адам эвакуацияланды.
<b>2010 жыл</b>			
Су тасқыны	Ақсу ауданы Алматы облысы	12 наурыз	45 адам (оның ішінде 15 бала) қайтыс болды. 3000-ға жуық адам тұратын бүкіл ауылды су басты. Тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар қирап, мал қырылды.
Су тасқыны	ШҚО	сәуір	1000-ға жуық тұрғын үй, шаруашылық құрылыстары мен қыстаулар қирады. 1140 тұрғын үй су астында қалды. 7000-нан астам адам эвакуацияланды. 30 мыңға жуық ұсақ мал, 1,5 мыңнан астам жылқы және 4 мың ірі қара өлді.
<b>2011 жыл</b>			
Су тасқыны	ШҚО және БҚО	наурыз	Жүздеген үйді су басып, тұрғындары қауіпсіз жерге көшірілді.
<b>2012 жыл</b>			
Су тасқыны	ОҚО	наурыздың аяғы	1,5 мыңға жуық үй мен ауланы су басты. 2,2 мыңнан астам адам эвакуацияланды.
<b>2015 жыл</b>			
Су тасқыны	Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары	наурыз-сәуір	2,5 мың үйді су басып, 16 мыңнан астам адам эвакуацияланды. Шығыс Қазақстан облысындағы үш көпір қирады.
Селдің түсуі	Алматы	23 шілде	27 әуе тірек электр желілері шайылды, 11 қосалқы станция су астында қалды, 224,8 мың текше метрден астам балшық-тас массасы шығарылды.
<b>2020 жыл</b>			
Су тасқыны	Түркістан облысы	2 мамыр	Кенттерді су басып, мыңнан астам үй, үш мектеп, бес балабақша, төрт медициналық мекеме зардап шекті, 31 мыңнан астам адам эвакуацияланды.
<b>2023 жыл</b>			
Су тасқыны	Түркістан облысы	ақпан	Мәліметтер нақтылануда.

Танымал ойшыл В.Вернадский өзінің биосфера және ноосфера жөніндегі ілімінде жер бетіндегі тіршілікті ерекше қалыптасқан геологиялық қабат ретінде қарайды. Тіршілік биологиялық зат пен энергияның айналысын тудырып, жер бетін толығымен өзгертеді. Адамзат тіршілік әлемінің жоғарғы бөлігі ретінде өзге энергия формаларына ұқсасмайтын күш-қуатты тудырады, ол – ақыл-ой, зерде. Биосфера адам баласының зердесі мен еңбегінің арқасында жаңа геологиялық күшке айналып, жаңа ахуалға – ноосфера (ақыл-ой арқылы ретке келтірілген беті) деңгейіне көтеріледі.

Селдің қалыптасуы және әсер ету аймағы ҚР аумағының шамамен 15 пайызын қамтиды. Қазақстан аумағындағы неғұрлым сел қаупі бар аудандар Іле Алатауының солтүстік баурайы және Жетісу Алатауы. Қазақстан Алтайы, Тарбағатай, Сауыр, Кетмен, Жетісу Алатауы және Батыс Тянь-Шань жоталары шегінде 5140 сел ошақтары мен 300-ден астам сел алқаптары анықталды.

ҚР ТЖМ деректері бойынша шаруашылық жүргізу объектілерінің қауіпті әсер ету аймағында 2700 мұздық, 596 мореналық және мұздық көлдер, 5650 сел ошақтары, 800-ге жуық көшкін пайда болу ошақтары, 174-тен астам көшкін қауіпті аймақтар, Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарының селкөшкін және көшкін қауіпті учаскелерінде орналасқан.

Сел құбылыстарының ауқымы, жиілігі, сел салдарынан болған апаттың салдары бойынша Қазақстан Орталық Азия мен ТМД-ның басқа елдер арасында алдыңғы қатарда.

Осы су тасқынына қатысты

Үкімет отырысында Премьер-министр Әлихан Смаиловтың төрағалығымен биыл қандай дайындық шаралары жүргізіліп жатқаны қарастырылған болатын.

Өткен жылы су басудың негізгі себептері өзен арналарының толып кетуі мен балдырлануы, дренаждық-арық жүйелерінің болмауы, су қорғау белдеулерінде үйлер салу екені атап көрсетілді.

Сонымен қатар қардың уақтылы шығарылуы, су айдау құралдарының болуы және өзендегі мұздың әлсіреуі үлкен маңызға ие.

Бүгінгі таңда су басу қаупі аймағында 255 елді мекен, су жайылуға бейім 482 автомобиль және 600-ден астам теміржол учаскелері, су қорғау белдеулерінде 309 елді мекен бар. Бұл мәліметтерді төтенше жағдайлар

министрі Юрий Ильин хабарлады. Биылғы ауа райын ескере отырып, сонымен қатар қардағы су қорының мөлшерін, топырақтың күзгі ылғалдылығын, оның қату тереңдігін талдай отырып, бірқатар облыстарды су тасқыны қаупі бар өңірлерге жатқызды. Олар: Ақмола, Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қараған-

ды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Жетісу облыстары.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова да өз кезегінде республика аумағында барлығы 1806 тірек гидротехникалық құрылыс бар екенін айтып, оның ішінде 471 нысан жөндеуді қажет ететінін, ал 41 ГТҚ қайта жаңартылып жатқанын атап өтті.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев дайындық жұмыстары аясында су тасқынына қарсы шаралар жоспары бекітіліп, орталық және өңірлік деңгейлерде комиссиялар құрылғанын айтты.

Төтенше жағдай министрі ақпан айындағы ауа температурасының жоғарылығы мен жауын-шашын мөлшерін ескеріп, оңтүстік өңірдің әкімдеріне су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейту керектігін, дренаждық жүйенің селге шамасы келмейтінін, сол себептен көріздерді, өзен арналарын тазалаған жөн екенін жеткізді. Сондай-ақ уақытша бөгеттер тұрғызу қажет екенін, құралдардың дайындығын үйлестіріп және сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді, жедел штаб құрып, шекаралас мемлекеттермен судың шығыны және трансшекаралық өзендердегі қауіптің алдын алу туралы тұрақты түрде өзара мәлімет алмасуды ұйымдастыруды қатаң түрде ескертті.

Билік ғалымдардың ізденіс нәтижелері мен нақты ұсыныстарын ескерер болса, көптеген апаттардың алдын алуға болатынын айтқымыз келеді.

**Ақтоты БЕКЖАНОВА,**  
география және табиғатты пайдалану факультетінің оқытушысы

## Төтенше жағдай және халықтың әрекеті

География және табиғатты пайдалану факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттеріне қауіпсіздік ережелерін түсіндіру мақсатында Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ұйымдастыруымен дәріс оқыдым.

БҰҰ мәліметтері бойынша, соңғы 20 жылда бүкіл әлемде тіркелген табиғи және техногенді апаттар саны айтарлықтай өсуде. Жыл сайынғы қауіпті факторлармен байланысты апаттар адам өлімінің санын едәуір арттырып, экономикалық және әлеуметтік дамуды көптеген жылдарға арта қалдыруда. Соған айғақ – Түркияда болған 7,4 балдық жер сілкінісі. Бұл аймақта 7,8 балдық жер сілкінісі қайталанды. Қаһраманмараш провинциясында болған жер сілкінісі елдің 10 провинциясында және Сирия мемлекетінде да қатты сезілді. Сол күні 5,4 балдық жер сілкінісі Қазақстанның оңтүстік аймақтарында да болды.

Қазақстан Республикасы аумағының 40 пайызы апатты жер сілкіністері мен селдерге, 60

пайызы су тасқынына бейім. Елімізде 599 қар көшкіні, 200 сырғыма ошағы, бұзып-жару қаупі бар 700 көл тіркелген. Жер сілкінісі, сел, су тасқыны, дауыл, эпидемия, орман және дала өрттері сияқты табиғи апаттардың қаупі жоғары аймақты біздің республика аумағының 75 пайызын құрайды. Сондай-ақ табиғи сипаттағы оқиғалардың 60 пайызы қауіпті инфекциялық аурулар.

Техногендік төтенше жағдайлар, әдетте, адамның өндірістік қызметімен байланысты және қоршаған ортаның ластануымен немесе ластануынсыз болуы мүмкін. Техногендік саладағы ең үлкен қауіп – көлік апаттары, жарылыстар мен өрттер, радиациялық апаттар, химиялық қауіпті объектілердегі қауіпті заттардың шығарылуымен болатын апаттар және т.б. Республикада жылына техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың 85-86 пайызына дейін мұнай өндіру саласында тіркеледі. Табиғи және техногендік өрттерден адам өлімімен қатар, елдің бүкіл аумағы материалдық шығынға ұшырау қаупі төніп тұр.

Қазақстанда жылына орта есеппен 17,7 мың төтенше жағдай тіркелсе, бұл шамамен 5,5 млрд теңге материалдық залал келтіреді. Осылардың салдары-



нан жыл сайын 4,2 мың адам зардап шегеді, олардың 1,3 мыңы, яғни зардап шеккендердің 31 пайызы қаза табады.

ТЖ қаупі туындағанда адам өмірін сақтап қалуға болады. Ол үшін халықты дұрыс іс-қимыл жасауға дағдыландыру, үйрету керек. Бұл дағдылар «Адам тіршілік қауіпсіздігі» пәнін оқытуда теориялық және практикалық тұрғыдан қалыптастырылады. Өкінішке қарай, университетте аталған пән таңдау ретінде ғана және ол «Экология» пәнімен біріктіріліп оқытылады. Сол себепті тыңдаушылар толық қамтылмайды.

Сейсмология институтының мәліметі бойынша Алматы қаласы ғимараттарының басым бөлігі күшті жер сілкіністеріне төтеп бере алмайды. Жер сілкінісі ке-

зінде сыртқа шығып үлгермесеңіз, ғимараттағы қандай жерлер адам өмірін сақтап қалады, қандай жерлер қауіпті? Тіпті үйіңіздің астында қалсаңыз, қалай жан сақтауға болады? Жер сілкінісінің дүмпулерін сезінсеңіз, оған қалай даярлану керек? Осы әрекеттерді үйреніп, санасына тоқыған адам қорқынышқа жол бермейді. Өмірін сақтап қалу жолдарын іздейді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер республикамызда төтенше жағдайдың жиі болатынын көрсетеді. Осы апаттардан сақтанудың ТЖ түріне байланысты қауіпсіздік алгоритмдері болады. ТЖ кезінде адам өз өмірін сақтап қалудың негізгі жолдары: ТЖ қаупіне психологиялық, практикалық тұрғыда даяр болу, дағдылану, Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қараған-

Дәріс оқу барысында табиғи және техногенді ТЖ-ның әр түріне мысал келтіріліп, олардан қалай

қорғану керек екені айтылды. Техногенді және табиғи апаттардың себептері мен сипатын білу және халықтың дұрыс іс-әрекет жасауы, алдын ала қорғау шараларын қолдануға, шығындардың барлық түрлерін азайтуға жол береді.

Апат туралы ескерту халыққа мұқият дайындалуға және қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік туғызады. Адамдар әрдайым алғашқы медициналық көмек көрсетуге және қалпына келтіру жұмыстарына қатысуға дайын болуы керек. Табиғи құбылыстарды, техногендік апаттарды оқшаулау бойынша жүргізілетін жұмыстар зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету және құлаған ғимараттарды тез қалпына келтіру үшін өте маңызды. Адам өмірін сақтап қалудың тағы бір жолы – табиғи және техногенді ТЖ қаупі туындағанда халықты іс-әрекет жасауға үйрететін «Адам тіршілік қауіпсіздігі» пәнін университетте міндетті түрде барлық студенттер оқуын қамтамасыз ету.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттеріне төтенше жағдай қаупі туындауы кезіндегі халықты іс-қимылы жөнінде дәрістер, семинар, практикалық сабақтар өткізуге дайын.

**Нүргүл БЕРГЕНОВА,**  
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті





# Білім беру нарық сұраныстарына бағытталуы тиіс

ҚазҰУ-дың экономика факультеті 1949 жылы ашылған. Кейіннен факультет заман талабына сай, Экономика және бизнес жоғары мектебі болып қайта құрылды. Бұл мектеп еліміздегі жоғары білікті экономистерді даярлайтын іргелі білім ордасы. Білім ошағын ұзақ жылдан бері білім беру саласындағы экономикалық өзекті мәселелер мен инновациялар жөніндегі көптеген оқулықтар мен оқу құралдарының авторы, э.ғ.д., профессор Лейла Абдрашқызы басқарып келеді. Қазір факультет индикативтік көрсеткіш нәтижелері бойынша университетте алдыңғы қатарлы бестіктің құрамында.

Білім алушы өз ісінің озық маманы болу үшін белгілі бір кәсіби білім және дағдылардың жиынтығына ие болуы керек. Жыл сайын Экономика және бизнес жоғары мектебінің менеджмент және маркетинг, қаржы, логистика, есеп және аудит саласындағы түлектері – заманауи бакалавр, магистр және PhD доктор дәрежесіндегі білікті маман ретінде елімізге адал қызмет етуде. Экономика мамандарын даярлаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, ол нақты экономикалық өндірістік тәжірибеден өтуде. Білім берудің нарық сұраныстарына бағытталуы жұмыс табуға мүмкіндік береді. Сол сияқты елімізде постдокторантура бағдарламасының ашылуы ғылым мен білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті ғылыми мектептерді қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі. Ал енді факультеттің ерекшеліктеріне келсек, оқытудың за-



Алмалы ауданында Отбасы банкі, «Еуразиялық банк» АҚ және Медеу ауданында орналасқан QU-WATT компаниясында өндірістік тәжірибеден өтуде. Білім берудің нарық сұраныстарына бағытталуы жұмыс табуға мүмкіндік береді. Сол сияқты елімізде постдокторантура бағдарламасының ашылуы ғылым мен білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті ғылыми мектептерді қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі.

Ал енді факультеттің ерекшеліктеріне келсек, оқытудың за-

манауи инновациялық интерактивті әдіс-тәсілдерінің өзара үйлесім табуы студенттердің білім көкжиегін кеңейтеді. Ұдайы жүзеге асырылатын халықаралық жобалар мен шетелдік серіктес университеттерде білім алу мүмкіндігі студенттерімізді жігерлендіреді. Экономика институтымен тығыз байланыста жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми жобалар жасауға, жалпы, ғылыми мектептер сабақтасығына студенттер мен магистранттар белсенді атсалысады. 2014 жылдан бастап Ғылым академиясымен бірге Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институтымен бірлесе отырып экономика бағдарламалары бойынша магистрлар мен PhD докторларын даярлау жолға қойылды.

Қорыта айтқанда, Экономика және жоғары бизнес мектебінің білікті түлектері ел экономикасының дамуына қомақты үлес қосатыны бізге үлкен мерей. Біз жастарды маман ретінде даярлауға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Өйткені ел болашағының тұтқасы білгір мамандардың еншісінде.

**Жақсылық БЕЙСЕНБАЕВ,**  
Экономика кафедрасының  
аға оқытушысы, э.ғ.к.

ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасы оқытушыларының бастамасымен «Қаржы» мамандығының 3-курс студенттеріне «Қаржылық сауаттылық» деген тақырыпта көшбасшылық дәріс ұйымдастырылды.

## Қаржылық сауаттылық дәрісі маңызды

Көшбасшылық дәрісті Алматы қаласы «Отбасы» банкінің бизнесті дамыту басқармасының жобалық менеджері Бәйдібек Исатаев оқыды. «Қаржылық сауаттылық» түсінігі – қаржы саласындағы ықтимал құрал-саймандарды практикада қалай сәтті пайдалануға болатынын түсіндіруге мүмкіндік беретін білім мен машықтың жиынтығы. Соның нәтижесінде адам табыс жинауды, бюджетті сауатты жоспарлауды және шығындарды рационалды жаратуды үйренеді. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында сауаттылық болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Дәрісте қаржылық сауаттылыққа қатысты өте маңызды мәселелер көтерілді. Бәйдібек Исатаев банк саласының білікті маманы ретінде қаржылық сауаттылықтың қазіргі күндегі ел экономикасын-



дағы оң және теріс салдары және алаяқтарға қалай алданбау керек екені жайында жан-жақты талдап, айтып берді. Маманның студенттерге қойған ситуациялық сұрақтары нәтижесінде дәріс өте қызықты өтті.

**А.НҰРМАҒАМБЕТОВА,**  
PhD, профессор  
**Ж.МҰХАМЕТЖАНОВА,**  
аға оқытушы  
Экономика және бизнес  
жоғары мектебі

Шығыстану факультеті жыл сайын дәстүрлі түрде Ашық есік күнін ерекше атап өтеді. Ашық есік күнінің басты мақсаты – мектеп түлектеріне мамандықты таңдауға кәсіби бағыт-бағдар беру әрі олардың келешек мамандықтары жөнінде білімдерін арттыру.

## Түлектер мамандықтар туралы мағлұмат алды



Аталған іс-шараға Алматы қаласының №123 мектеп-гимназиясы, А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназия, №173 мектеп-лицей, №133 мектеп, №131 мектеп, №177 мектеп, №36 гимназия, М.Ганди атындағы мамандандырылған №92 мектеп-лицей, Алматы облысы Іле ауданы №6 орта мектебі мен №39 орта мектебі, Қаскелең қаласының С.Керімбеков атындағы орта мектебі, «Дарын» мектебі, Қазақ-қытай колледжінің шәкірттері мен ұстаздары қатысты.

Іс-шараның бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары үшін факультет ішіндегі кафедралар мен зерттеу орталықтарын таныстыру мақсатында экскурсия ұйымдастырылды. Содан соң жиналған қауым студенттердің қағаздан арнайы жасаған бұйымдарын – «Оригами» атты жапондық ұлттық өнерін тамашалады. Кәсіби бағыт-бағдар беру ісіне жауапты оқытушылар мектеп түлектеріне факультеттегі кафедралар, игеруге болатын білім беру бағдарламалары, шетелде білім алу

және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жөнінде толыққанды ақпарат берді.

Факультет студенттері келген қонақтар үшін арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Олар араб тілінде сөз сөйлеп, қытай, корей, жапон тілдерінде ән айтты. Иран, үнді билерін билеп, түрік тілінде өлең оқып, өз өнерлерімен келген қауымды тәнті етті. Сондай-ақ олар мектеп оқушыларына өздерінің оқу үдерісі мен студенттік өмірлерінің қыр-сыры туралы жан-жақты баяндап берді. Іс-шара соңында барлық қатысушылар бірге естелікке суретке түсіп, декан міндетін атқарушы Ем Наталья іс-шараға келген мектеп және гимназия мұғалімдеріне белсенді қатысқандары үшін алғыс хат табыстады.

**Үмітай ӘМІРБЕКОВА,**  
шығыстану факультеті  
декаанының оқу-әдістемелік  
және тәрбие жұмысы жөніндегі  
орынбасары  
**Гүлмира ТАЗАБЕКОВА,**  
Қиыр Шығыс кафедрасының  
аға оқытушысы

# Ашық есік күні қызықты өтті

ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде FARABI UNIVERSITY OPEN DOORS ашық есік күні өтті.

Айтулы іс-шараға Алматы қаласындағы рейтингі жоғары мектеп-гимназия, лицейлердің бітіруші оқушылары келді. Атап айтсақ, О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектебі (РФМШ), С.Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицейі, Медеу ауданының Алатау елді мекеніндегі №7 орта мектеп, №40 орта мектеп, Бостандық ауданына қарасты «Орбита» ықшамауданындағы №93 мектеп, №140 гимназия, №46 орта мектеп және №191 орта мектеп.

Физика-техникалық факультеті – еліміздегі жоғары білім беру саласының көшбасшысы. Оқытушылар мен студенттер алдыңғы қатарлы әлемдік журналдарда мақалалар жариялайды, өнертабыстар, патенттер мен авторлық куәліктер саны жыл сайын ұлғаю-



да. Осы жетістіктердің барлығын факультет оқытушылары мектеп оқушыларына жете түсіндірді. Оларды факультетіміздегі Huawei ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығымен, ұлттық нанотехнологиялар зертханасымен, сонымен қатар оқу зертханаларымен таныстырды.

Профессор-оқытушылар құрамы оқушыларға мамандықтар туралы мәліметтер берді. Физика-техникалық факультетінің түлектері білім мен технологиялардың кез келген жаңа сала-



сын белсенді меңгеріп, еліміздің еңбек нарығында өте жоғары бағаға ие болатынын атап айтты. Шара соңында факультет оқытушылары кездесуге келген оқушыларды ҚазҰУ қалашығында орналасқан «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына, Әл-Фараби кітапханасына және музейлерге апарып таныстырды. Ашық есік күні өте қызықты өтті.

**Эльмира ЗУЛБҰХАРОВА,**  
физика-техникалық  
факультетінің аға кураторы

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28,  
тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.